

Тақырыбы: «Біз өнерлі баламыз»

Мақсаты: Балалардың бойына өнерге деген сүйіспеншілікті дарыту, музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру. Елімізді жарқын болашағы мен келешегі үшін бүлдіршіндердің дарыны мен қабілеттерінің артуына жол ашып, білімді де өнерлі ұл—қыздарын тәрбиелеу. Өнерпаздарды жан-жақты зерттеп, әнді көпшілік алдында қысылмай, еркін орындауға бейімдеу, талап пен шеберлігін шыңдау.

Жүру барысы:

Жүргізуші: Амысыздар, құрметті өнер сүйер қауым, қадірменді ұстаздар, қымбатты қонақтар!

Құлпырған еліміздің ұл-қызымыз,
Ертеңгі жарқыраған жұлдызымыз.
«Өнерлі өрге озар» ,-дейді халқым-
Бұл кеште бар өнерді ұсынамыз.

Қазақтың қайтпас қайсар қыранымыз,
Болшаққа жол бастар ұланымыз,
Алдымызда – арман көп , таудай талап,
Өздеріңе арналар жыр-әніміз!

Ән: «КҮНШУАҚ» орындайды: Ерсектер «Ер Төстік» обының бүлдіршіндері
Айдай мен Алуа.

Жүргізуші: Жиналыпшыз сәтті күні бәріміз де,
Үлкен-кіші , жасымыз , кәрімізде
Төрлетіндер қадірменді қонақтарым
Гүл-гүл жайнап мына біздің төрімізде, - дей келе «Біз өнерлі
баламыз» атты ұйымдастырылып отырған бүлдіршіндердің ішіндегі ең
таланты , ең дарынды, ең өнерлі бүлдіршіндердің өнерлерін тамашалауға қош
келдіңіздер!

Көп сөйлеп жөн-жобадан аспайыық біз
Ән шырқап , би билеуден қашпайық біз
Ал енді сіздер рұқсат етсеңіздер
Кешімізді бастайқ біз- дей отырып «Біз өнерлі баламыз» атты
шығармашылық кешімізді бастаймыз!

Алдарыңызда «НАЗ» би тобының орындауында «Торсық» биі , қабыл алыңыздар!

Би: «Торсық» биі.

Орындайтындар: Жұлдызай, Аршат, Аянат, Кәусар, Айзере, Айжұлдыз.

Жүргізуші: Тілім барда мақатанам,

Тілім менің асқақ ән.

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақатаған,- дер жүрген «Мұқағали оқулары 2025» атты республикалық мәнерлеп оқу сайысының 1 –орын жүлдегерлері Орысбай Шапағат пен Тулеп Ақбөбектің өнерін тамашалңыздар. «Отан» және «Ана сен бақыттысың» өлеңімен.

Көркем сөз: Орысбай Шапағат , Тулеп Ақбөбек.

Жүргізуші: Бұлбұлдай сал, күй шертсең , аңыратып

Орман, тоғай, өзенді жамыратып.

Аңыратып , ағызып ән нөсерін

Толқынымен жүректі жадыратып.

Ортада «Балауса» балалар оркестрінің орындауында Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйі.

Күй: «Әлқисса»

Орындаушылар: Досхан, Айзере, Жарас, Аршат, А.Әлинұр, Ханшайым, Нұралы, Жұлдызай, Шапағат, Кәусар, С.Әлинұр, Айжұлдыз.

Жүргізуші: Көкірегімнің үміті мен тілегі

Күй боп түлеп, күн боп шығып күледі.

Күн астында көк төбелер түледі-

Менің елім , менің елім- гүл елі!

Жас әншілерімідің орындауында «Туған жер» әнімен қарсы алыңыздар!

Орындайды: Асылтас, Алихан, Райана, Гауһартас.

Ән: «Туған жер»

Орындайды: Асылтас, Алихан, Райана, Гауһартас.

Жүргізуші:Өнерпаздар жарысып ән салады,

Жиын десе , той десе жан салады.

Кешіміздің құрметіне

Әуелеген әсем ән жолданады.

Айтыс: Райана мен С.Әлинұр

Жүргізуші: Тамсандырып ән салам,
Естіген жан тамсанған.
Жүректерге жетсінші деп
Айту үшін жан салам,-дей отырып ортаға өздері әнші, өздері
биші қыздар «Қыздар тобын» «Ауылымды сағындым» әнімен ортаға
шақырамыз.

Ән: «Ауылымды сағындым»

Орындайды: Асма, Медина
Ақбөбек Райана
Асылтас Гауһартас

Жүргізуші: Жақсы әнші өнеге,
Сегіз қырлы , бірсырлы.
Өнерді үйрен бір-бірлеп,
Әнде шырқап , би билеп.
Халық айтса біледі,
Талаптыға нұр жауар,
Өнерлі өрге жүзер,
Талаптылар құр қалма! – кезекті жүрегім сен, Отан! деп
жүректері бірге соққан **«Батырлар» би** тобын **«Алаш ұраны»** биімен қарсы
алыңыздар!

Би: «Алаш ұраны»

Орындайды: Ақансері С.Әлинұр Алихан
Нұрхан Әбілмансұр Досхан

Жүргізуші: Би десе барын салатын,
Құмары содан қанатын.
Биле қане достарым,
Кезекті сізге жолдадым- деп келесі кезекті «Әсем лента» биіне
береміз.

Би:»Әсем лента»

Орындайды: Нұралы-Ақбөбек
С.Әлинұр—Медина
Ақансері- Райана
Шапағат-Ханшайым

Жүргізуші: Әндер-әндер! Үш әуемде,
Үш көгімде , күллі әлем.

Көктем келсе гүл боп елге
Мен де бірге түрленем, -деп Қонайұлы Алиханның
орындауында «Қазақ осы» әніне береміз.

Жүргізуші: Деменіздер біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Сау болып тұрыңыздар кездескенше
Осымен ән кешіміз аяқталды.
Өнерлі өрге жүзер талаптанып,
Қыран биік самғайды қанат қағып.
Адам үшін парыз ғой өнер іздеу,
Жүрген соң адам деген атақты алып ,- дей келе бүгінгі кешіміз
аяқтаймыз!

Сау болңыздар!

